

Ізденуші Салкынов Арнат Турсынбекулы
«Геологиялық бұзылу аймақтарында қалған қорларды игеру
технологиясының геомеханикалық негіздемесі» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Ізденушінің диссертациялық жұмысы тау-кен өндірісіндегі өзекті ғылыми-техникалық мәселелердің бірі – геологиялық бұзылу аймақтарында әртүрлі себептермен өндірілмей қалған кен қорларын қауіпсіз әрі тиімді игеру мәселесін шешуге арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі уақытта кен орындарының терең горизонттарға ауысуымен, минералдық-шикізат базасын толықтырудың күрделенуімен және қолданыстағы кен орындарындағы қорларды барынша толық әрі ұтымды игеру қажеттілігімен айқындалады. Әсіресе геологиялық бұзылу аймақтарында қалған қорларды өндіру барысында тау жыныстары массивінің кернеулі-деформациялық күйін дұрыс бағалау және тау-кен жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды ғылыми және практикалық міндет болып табылады.

Диссертациялық жұмыста Жезқазған кен орнының нақты тау-геологиялық жағдайлары негізінде геологиялық бұзылу аймақтарындағы кен қорларын игерудің геомеханикалық заңдылықтары жан-жақты зерттелген. Автор геологиялық, геомеханикалық және технологиялық факторлардың өзара әсерін кешенді түрде қарастырып, тау жыныстары массивінің кернеулі-деформациялық күйінің өзгеру ерекшеліктерін анықтаған.

Зерттеу барысында өндірістік бақылаулар, геомеханикалық мониторинг нәтижелері, зертханалық және аналитикалық зерттеулер, сондай-ақ заманауи сандық модельдеу әдістері қолданылған. Алынған нәтижелердің сенімділігі нақты өндірістік деректермен және кеніш жағдайында жүргізілген тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы геологиялық бұзылу аймақтарында қалған қорларды игеру кезінде тау жыныстары массивінің геомеханикалық

жай-күйін бағалаудың ғылыми негізделген әдістемесін әзірлеуде, кернеулердің таралу заңдылықтарын анықтауда және кен өндіру технологиясының тиімді параметрлерін негіздеуде көрініс тапқан.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы ұсынылған ғылыми-техникалық шешімдердің өндірістік жағдайда қолдануға жарамдылығымен және олардың кен қорларын толық игеру деңгейін арттыруға, шығындар мен жоғалымдарды азайтуға, сондай-ақ тау-кен жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беруімен сипатталады.

Ізденуші қойылған ғылыми міндеттерді толық көлемде орындап, зерттеу нәтижелерін теориялық және практикалық тұрғыдан негіздей алған. Диссертация логикалық құрылымдалған, ғылыми тұрғыдан сауатты жазылған және қазіргі заманғы ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, «Геологиялық бұзылу аймақтарында қалған қорларды игеру технологиясының геомеханикалық негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады, ал оның авторы ғылыми дәреже алуға лайық деп есептеймін.

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ
«Пайдалы қазбалар кенорындарын өндіру»
кафедрасының меңгерушісі,
PhD, профессор**



А.Ж. Имашев